

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 38 Жарлығы
"Президент пен Үкімет актілерінің
жинағында" жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданысын.
2. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қойылсын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 3 қ а ң т а р д а ғ ы

N 3 8 Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Ө з б е к с т а н Р е с п у б л и к а с ы ,

200__ жылғы _____ Өзбекстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылуы туралы х а т т а м а н ы н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шарттың 19-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Шарттың 13-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекетаралық Кеңес "мүдделі Уағдаласушы Тараптың дауысын алып тастағандағы консенсус" қағидаты бойынша қабылданатын мүшелікті тоқтата тұру туралы немесе Қоғамдастық мүшелігінен шығару туралы шешімдерді қоспағанда, барлық шешімдерді консенсуспен қабылдайды.

2. Интеграциялық Комитетте шешімдер 2/3 көпшілік дауыспен қабылданады. Егер шешімдерді қабылдауға бес Уағдаласушы Тарап дауыс берген жағдайда, бірақ бұл ретте ол 2/3 көпшілік дауысты жинамаса, онда мәселе Мемлекетаралық Кеңестің қарауына беріледі. Әрбір Уағдаласушы Тараптар дауыстарының саны оның ЕурАзЭҚ органдарын ұстауға, Қоғамдастық органдарының және ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясының мәжілістерін өткізуді қаржыландыруға арналған Қоғамдастықтың бюджетіндегі үлестік жарнасына сәйкес келеді және:

Беларусь Республикасы	-	15	дауысты,
Қазақстан Республикасы	-	15	дауысты,
Қырғыз Республикасы	-	7,5	дауысты,
Ресей Федерациясы	-	40	дауысты,
Тәжікстан Республикасы	-	7,5	дауысты,

Өзбекстан Республикасы - 15 дауысты құрайды."

2. Шарттың 15-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. ЕурАзЭҚ органдарының қызметін қаржыландыру Қоғамдастық бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қоғамдастықтың кезекті қаржы жылына арналған бюджетін мүше мемлекеттердің келісімі бойынша ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы әзірлейді, белгіленген тәртіппен қаралады және Мемлекетаралық кеңес бекітеді.

Қоғамдастықтың бюджетінде тапшылық болуы мүмкін емес.

2. Қоғамдастықтың бюджеті:

1) Қоғамдастықтың органдарын ұстауға, Қоғамдастық органдарының және ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясының мәжілістерін өткізуді қаржыландыруға арналған үлестік жарналар:

Беларусь Республикасы	-	15	%,
Қазақстан Республикасы	-	15	%,
Қырғыз Республикасы	-	7,5	%,
Ресей Федерациясы	-	40	%,
Тәжікстан Республикасы	-	7,5	%,
Өзбекстан Республикасы	-	15	%,

2) әрбір бағдарлама бойынша Мемлекетаралық кеңестің шешімдеріне сай, Уағдаласушы Тараптардың қатысу дәрежесіне сәйкес келетін үйлесімде

Мемлекетаралық кеңестің шешімдерімен айқындалатын ЕурАзЭҚ-тың мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларын және өзге де іс-шараларды қаржыландыруға арналған Уағдаласушы Тараптардың жарналары есебінен қалыптасады.

3. Қоғамдастық бюджетінің қаражаты:

Қоғамдастықтың органдарын ұстауға;

Қоғамдастық органдарының және ЕурАзЭҚ жанындағы тұрақты өкілдер комиссиясының мәжілістерін өткізуді қаржыландыруға;

ЕурАзЭҚ-тың мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларын қаржыландыруға;

ЕурАзЭҚ-тың мақсаттары және міндеттеріне қайшы келмейтін Мемлекетаралық кеңес бекітетін өзге де іс-шараларға жұмсалады.

4. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірінің ЕурАзЭҚ бюджетінің алдындағы үлестік жарналары бойынша қарызы оның жылдық үлестік жарнасына балама сомадан асқан жағдайда, ол қарызын толық өтегенге дейін Мемлекетаралық кеңестің шешімімен Қоғамдастық органдарында дауыс беру құқығынан айрылуы мүмкін. Оған тиесілі дауыстар қалған Уағдаласушы Тараптар арасында олардың ЕурАзЭҚ органдарын ұстауға және Қоғамдастық органдарының және ЕурАзЭҚ жанындағы тұрақты өкілдер комиссиясының мәжілістерін өткізуді қаржыландыруға арналған Қоғамдастық бюджетіндегі үлестік жарналарына үйлесімде бөлінеді".

2-бап

Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3-бап

Осы Хаттама Уағдаласушы Тараптардың ратификациялауына жатады және депозитарийі болып табылатын ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетіне оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

4-бап

Осы Хаттама БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелуге тиіс.

200__жылғы _____ қаласында беларусь, қазақ, қырғыз, орыс, тәжік және өзбек тілдерінде бір данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың мәтіні бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда,

Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін Уағдаласушы Тараптарға жіберетін ЕурАзЭқ Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК